

## "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі  
басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан  
Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 294 "Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты туралы үлгі  
ережені бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ  
ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған, "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі<sup>1</sup>  
туралы ереже бекітілсін.

2. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан  
Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның  
көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және  
Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне  
енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан  
Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық мемлекеттік кесіпорнының Қостанай облысы бойынша  
филиалына жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қарабалық ауданы әкімдігінің  
интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Бөрлі ауылының әкіміне жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарабалық ауданы әкімінің міндеттін атқарушы

E. Муржакупов

Қарабалық ауданы әкімдіктің

2023 жылғы "11" желтоқсан

№ 220 қаулысымен

бекітілсін

## "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылы әкімінің қызметін  
ақпараттық-талдау түрғысынан, ұйымдық - құқықтық және материалдық-техникалық  
саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік  
органы болып табылады, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді шешеді.

2. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

2-1 "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылы бюджетін жоспарлау және орындау саласында жергілікті атқарушылық органның функцияларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншіктерін басқаруды жүзеге асырады.

2-2. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңына сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің атынан жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншіктерін басқарады.

3. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеті берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкімі және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілер рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы белгіленген заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110903, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Бөрлі ауылы, Орталық көшесі 9

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы ереже "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінен жүзеге асырылады.

13. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## 2. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттіктері

### 14. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылышын, қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және елдегі әлеуметтік және экономикалық процесстерді басқару;

3) қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың конституциялық принциптерін өмірге енгізу, демократиялық әдістерімен мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін шешу;

4) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, азаматтардың құқықтық саналылығының және олардың елдің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенді азаматтық ұстанымдарының деңгейін арттыру;

5) Қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат қуралдарымен өзара іс – қимыл жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шенберінде өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

### 15. Өкілеттіктері:

#### 1) құқықтары:

әкімнің мүдделерін білдіру;

ауылды әкімі құзыретінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және басқа да ұйымдардан өз құзыреті шегінде қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;

жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік органдың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша түсініктемелер беру;

"Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

#### 2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сактау;

Президенттің, Үкіметтің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ аудан әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау.

## 16. Функциялары

- 1) Президенттің жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатын түсіндіру;
- 1-1) ауылдық округі бюджетін орындалуын және жоспарлауын қамтамасыз етеді;
- 1-2) ауылдық округі бюджетін іске асыру бойынша шешім қабылдайды;
- 1-3) ауылдық округтін коммуналдық мүлкіне жататын объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;
- 1-4) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін нысаналы және тиімді пайдалануын бақылауды жүзеге асырады;
- 1-5) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің мәселелері бойынша мемлекеттің мұдделерін білдіреді, ауылдық округі меншік (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігі) құқығын қорғауды жүзеге асырады;
- 1-6) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.
- 1-7) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жекешелендіру бойынша, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кеіннен сатып алу құқығының не кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға береді немесе шағын кәсіпкерлік субъектілердің меншігіне беру құқығымен ұсыну бойынша жұмысын өткізеді.
- 2) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді жариялау;
- 3) аппарат жұмысын жоспарлайды, кеңестер, семинарлар және басқа да шараларды өткізууді, оларды дайындауды және өткізууді ұйымдастырады;
- 4) Бөрлі ауылы әкімінің шешімдерінің және өкімдерінің жобаларын дайындайды;
- 5) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындаудына жәрдемдеседі;
- 6) әкімнің актілерін тиісті ресімдеуін және таратуын қамтамасыз етеді;
- 7) "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жоспарға сәйкес іс қағаздарын жүргізуін ұйымдастырады;
- 8) қызметтік құжаттарды, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, әкімнің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдаудың ұйымдастырады;
- 9) мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған шаралар қолданады;
- 10) жұмыстың стилін, әдісін жақсарту шараларын және жаңа ақпараттық технологияларын енгізу бойынша жұмыс жүргізеді;

11) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

12) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды үйымдастырады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыretі шеңберінде басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі**

17. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік органдарда және өзге де үйымдарда өкілдік етеді;

мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

ауылы әкімі аппаратында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шараларды қабылдайды, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады.

2) "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін әзірлейді, "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штаттық санын бекітуге аудан әкімдігіне ұсыныстар енгізеді;

3) "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінен ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

4) "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне өкілеттігін және міндеттерін анықтайды;

5) "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерін тағайындейды, босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;

6) "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті нұсқаулар береді, шешімдер мен өкімдер шығарады;

7) ауылдық округінің қабылданған шешімдер мен өкімдердің орындалуын бақылау бойынша жұмысты үйлестіреді;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кадрлармен жұмысты үйымдастырады;

- 9) қызметтік құжаттамаға қол қояды;
- 10) "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін іс–сапарларға жолдайды;
- 11) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауын жүзеге асырады;
- 12) нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалар мен басқа да құжаттардың жобаларын әзірлеу үшін жұмыс топтарын құрады;
- 13) өз құзыretі шегінде "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ақшалай қаражатына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;
- 14) Өз құзыretі шегінде гендерлік саясаты іске асырады;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес – өзге де өкілетіктерді жүзеге асырады.

"Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіне жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған мүлікті жергілікті қоғамдастық жиылдысының келісімімен иеліктен шығаруға құқығы бар.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. "Бөрлі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.